

**9-10 сынып оқушыларына арналған жас тарихшылардың
«Менің шағын Отаным» республикалық интеллектуалдық конкурсын
ұйымдастыру және өткізу ережелері**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер 9-10 сынып оқушыларына арналған жас тарихшылардың «Менің шағын Отаным» атты республикалық интеллектуалдық конкурсын (бұдан әрі – Конкурс) ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Ережелерде келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) **конкурстық жұмыс** – қатысушының зерттеу немесе жобалық жұмысы, стенді, ауызша қорғауы және номинация талаптарына сәйкес ұсынылатын цифрлық материалы;

2) **цифрлық материал** – стенд мазмұнын толықтыратын бейне, аудио, таныстырылым, цифрлық карта, интерактивті хронологиялық желі, виртуалды экскурсия, 3D-модель немесе өзге электрондық ресурс;

3) **ЖИ пайдалану туралы декларация** – қолданылған жасанды интеллект құралдары, оларды пайдалану мақсаттары мен тәсілдері, алынған нәтижелерді тексеру және қатысушының осы нәтижелерді өз бетінше жетілдіруі туралы мәліметтерді қамтитын нысан;

3. Аудандық (қалалық) және облыстық кезеңдерді тиісті білім басқармалары, білім бөлімдері және дарынды балалармен жұмыс жөніндегі өңірлік «Дарын» орталықтар (келісім бойынша) өз құзыреті шегінде өткізеді. Конкурстың республикалық кезеңін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі – «Дарын» РҒПО) ұйымдастырады.

4. Конкурс заңдылық, ашықтық, тең мүмкіндік, академиялық адалдық, қауіпсіздік, дербес деректерді қорғау, авторлық құқықты құрметтеу және қатысушының дербес авторлық үлесін сақтау қағидаттарына негізделеді.

5. Қатысушы жұмысты өз таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тілінде ұсынады және қорғайды.

2. Конкурстың мақсаты мен міндеттері

6. **Конкурстың мақсаты** – оқушылардың туған өлке тарихына қызығушылығын арттыру, өлкетану зерттеуін жүргізу, тарихи дереккөздерді іздеу, талдау және салыстыру, негізделген қорытындылар тұжырымдау, сондай-ақ зерттеу нәтижелерін көпшілік алдында таныстыру дағдыларын дамыту.



7. Конкурстың міндеттері:

1) өлкетану және далалық зерттеу жұмыстарын жүргізу мәдениетін қалыптастыру, тарихи дереккөздерді іздеу, талдау және салыстыру дағдыларын дамыту;

2) архивтік, музейлік, ауызша және цифрлық дереккөздерді жауапкершілікпен, сыни тұрғыдан және дұрыс пайдалану дағдыларын қалыптастыру;

3) зерделенген дереккөздер мен жүргізілген зерттеу нәтижелері негізінде дәйекті қорытындылар тұжырымдау дағдыларын дамыту;

4) зерттеу жүргізу және оның нәтижелерін таныстыру кезінде цифрлық құралдар мен жасанды интеллект технологияларын саналы, қауіпсіз әрі ашық пайдалану дағдыларын дамыту;

5) туған өлкенің тарихи-мәдени мұрасын зерделеуге, сақтауға және насихаттауға бағытталған оқушылардың бастамаларын қолдау;

6) зерттеу нәтижелерін стендтік, көрнекі және цифрлық материалдар, сондай-ақ ауызша қорғау арқылы түсінікті әрі дәлелді түрде ұсыну дағдыларын дамыту.

3. Қатысушылар және жетекшілер

8. Конкурсқа Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарының 9 және 10-сынып оқушылары қатысады.

9. Конкурс жеке немесе командалық болып табылатын екі түрдегі зерттеу жұмыстарын көздейді. Бір жұмыспен бір ғана номинацияға қатыса алады.

10. Қатысушы келесі кезеңге алдыңғы кезеңнің қорытынды рейтингі және ұйымдастырушы белгілеген квота бойынша өтеді. Өзін-өзі ұсынуға және алдыңғы кезеңге қатыспай келесі кезеңге тікелей өтуге жол берілмейді.

11. Республикалық кезеңге облыстардан, Астана, Алматы және Шымкент қалаларынан, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымынан (бұдан әрі – «НЗМ» ДББҰ), республикалық білім беру ұйымдарынан (бұдан әрі – РББҰ) және «Республикалық физика-математика мектебі» коммерциялық емес акционерлік қоғамынан (бұдан әрі - КеАҚ РФМШ) және «Бөбек» ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығынан (бұдан әрі - «Бөбек» ҰҒПББСО) қатысушылар іріктеу қорытындысы бойынша ұсынылады. Республикалық кезеңге қатысушылар саны, оларды іріктеу тәртібі және құжаттарды тапсыру мерзімдері «Дарын» РҒПО-ның жыл сайынғы ақпараттық хатында көрсетіледі.

12. Команда жетекшісі жіберуші тараптың бұйрығымен тағайындалады. Команда жетекшісі қажетті құжаттардың толық әрі уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етеді, қатысушылардың жол жүруі және Конкурсқа қатысуы кезінде олардың қауіпсіздігі, өмірі мен денсаулығы үшін өз өкілеттігі шегінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жауапты болады. Команда жетекшісіне қатысушының орнына жұмысты қорғауға немесе қазылар алқасының жұмысына араласуға жол берілмейді.

4. Конкурсты ұйымдастыру және кезендердің сабақтастығы

13. Конкурс келесі кезендерден тұрады:

Кезең	Ұйымдастырушы	Нәтиже
I аудандық (қалалық)	Аудандық немесе қалалық білім бөлімі және Конкурстың тиісті кезеңін өткізуге жауапты ұйым.	Облыстық кезеңге қатысушылар анықталады
II облыстық	Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары және өңірлік «Дарын» орталықтары	Республикалық кезеңге қатысушылар ұсынылады
III республикалық	«Дарын» РҒПО	Жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталады

14. Әр кезеңде өтінімдерді қабылдау, құжаттарды тексеру, қатысушыларды тіркеу, тестілеу, стендтік қорғау, бағалау, қорытынды хаттаманы рәсімдеу және келесі кезеңге ұсыну ретімен жүргізіледі.

15. Аудандық (қалалық) және облыстық кезеңдердегі тестілеуді «Дарын» РҒПО бірыңғай кестеге сәйкес ақпараттық жүйеде ұйымдастырады. Тестілеу тек «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша өткізіледі. Тиісті кезеңдерге қатысуға өтінім берген қатысушылар жүйеде тіркеуден өтіп, белгіленген уақытта тест тапсырмаларын орындайды. Тестілеуден өту жөніндегі нұсқаулық ақпараттық хатқа қоса беріледі және «Дарын» РҒПО-ның ресми интернет-ресурсында жарияланады. Тестілеу аяқталғаннан кейін «Дарын» РҒПО нәтижелерді өңірлер бойынша қалыптастырып, тиісті кезеңдердің ұйымдастырушыларына жібереді. Стендтік қорғауды тиісті кезеңнің ұйымдастырушысы өткізеді. Рейтинг екі турдың жиынтық нәтижесі бойынша қалыптастырылады.

16. Аудандық (қалалық) кезеңнің ұйымдастырушылары білім беру ұйымдарынан өтінімдерді қабылдайды, қатысушылардың сыныбы мен номинациясын тексереді, тестілеуді және стендтік қорғауды өткізеді, тест нәтижелері мен қорғау балдарын біріктіреді және қорытынды рейтингті қалыптастырады. Нәтижелер хаттамамен рәсімделеді, ал ең жоғары нәтиже көрсеткен қатысушылар белгіленген квота шегінде облыстық кезеңге ұсынылады.

17. Облыстық кезеңнің ұйымдастырушылары аудандық (қалалық) кезеңдерден түскен құжаттарды тексереді, қатысушыларды тіркейді, стендтік қорғауды өткізеді, екі турдың нәтижелерін біріктіреді және әр номинация бойынша қорытынды рейтингті бекітеді. Рейтинг пен белгіленген квота негізінде республикалық кезеңге қатысушылар ұсынылады.

18. «НЗМ» ДББҰ, РББҰ және КеАҚ РФМШ, «Бөбек» ҰҒПББСО республикалық кезеңге қатысушыларды жыл сайынғы ақпараттық хатта белгіленген тәртіппен өткізілген ішкі іріктеу нәтижелері бойынша ұсынады.

19. Республикалық кезеңнің ұйымдастырушылары ұсынылған құжаттарды тексереді, қатысушылардың қорытынды тізімін бекітеді, өткізу бағдарламасын,

тестілеу мен қорғау кестесін және техникалық нұсқаулықты жіберуші тараптарға жолдайды, Конкурсты өткізеді және қорытындысын рәсімдейді.

20. Қатысушыны ауыстыру дәлелді себеп болған жағдайда, тиісті кезең басталғанға дейін және сол кезең ұйымдастырушысының жазбаша келісімімен жүргізіледі. Ауыстыратын қатысушы сол сынып пен номинация бойынша алдыңғы кезеңдегі келесі жоғары нәтиже иегері болуға тиіс.

21. Тиісті кезеңнің ұйымдастырушысы қазылар алқасының құрамын бекітеді, өткізу орнының қауіпсіздігін, қатысушыларды тіркеуді, жұмыстарды қабылдауды, ақпараттық сүйемелдеуді және нәтижелер мен бағалау құжаттарының сақталуын қамтамасыз етеді.

5. Өтінім беру және Конкурсқа жіберу

22. Республикалық кезеңге қатысу үшін облыстық кезеңнің және 18-тармақта көрсетілген ұйымдардың ұйымдастырушылары өтінімді «Дарын» РҒПО-ның жыл сайынғы ақпараттық хатында белгіленген мерзімде және тәсілмен ұсынады.

23. Өтінімге келесі құжаттар қоса беріледі:

1) Жасанды интеллект құралдары қолданылған жағдайда – осы Ережелердің 2-қосымшасына сәйкес ЖИ пайдалану туралы декларация;

2) Осы Ережелердің 3-қосымшасына сәйкес заңды өкілдің дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімі;

3) Жұмысты толық немесе ішінара жариялау жоспарланған жағдайда осы Ережелердің 4-қосымшасына сәйкес жұмысты пайдалануға жеке жазбаша келісім;

4) осы Ережелердің 5-қосымшасына сәйкес алдыңғы кезеңнің қорытынды хаттамасынан үзінді немесе жіберуші тараптың ресми хаты.

24. Өтінімдегі қатысушының тегі, аты, сыныбы, білім беру ұйымы, өңірі, номинациясы және жұмыс тақырыбы көрсетіледі. Дипломдар мен сертификаттар өтінімдегі мәліметтер негізінде рәсімделеді.

25. Түзетілуі мүмкін формальды кемшілік анықталған жағдайда ұйымдастырушы оны жою үшін нақты мерзім белгілейді. Белгіленген мерзімде түзетілмеген құжаттар қабылданбайды. Өтінім беру мерзімі аяқталғаннан кейін жұмыстың авторын, тақырыбын немесе номинациясын ауыстыруға жол берілмейді.

26. Қатысушының сыныбының немесе жұмысының номинациясының белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі, қажетті құжаттардың болмауы, белгіленген мерзімнің сақталмауы не осы Ережеде көзделген академиялық адалдық талаптарының бұзылуы Конкурсқа жібермеуге негіз болып табылады. Қатысушыны Конкурсқа жібермеу туралы шешімді ұйымдастырушылар қабылдайды және бұл туралы жіберуші тарапқа жазбаша немесе электрондық нысанда хабарлайды.

6. Конкурс номинациялары

27. Конкурс төрт номинация бойынша өткізіледі:

	Номинация	Сынып	Зерттеу бағыты
	«Өлкенің цифрлық шежіресі»	9-сынып	Өлкенің тарихи кезеңін, оқиғасын, елді мекенін немесе тарихи орнын зерттеп, нәтижесін цифрлық форматта таныстыру
	«Бір жәдігер – бір тарих»	9-сынып	Жәдігердің, тарихи нысанның, дәстүрдің, жер-су атауының немесе отбасылық мұраның тарихын зерттеу
	«Тұлға және дәуір: цифрлық тарихи портрет»	10-сынып	Өңірге үлес қосқан тұлғаның қызметін, дәуірмен байланысын және ықпалын зерттеу
	«Ақылды өлке: болашаққа арналған шешім»	10-сынып	Өлкенің тарихи-мәдени мұрасын, жергілікті бірегейлігін немесе қоғамдық жадын сақтауға қатысты нақты мәселені зерттеп, іске асырылатын шешім ұсыну

1) «Өлкенің цифрлық шежіресі» (жеке жоба)

Номинацияға туған өлкенің тарихын цифрлық құралдардың көмегімен жүйелі және көрнекі түрде таныстыратын жұмыстар ұсынылады. Қатысушы тарихи кезеңді, оқиғаны, елді мекенді немесе орынды таңдап, архивтік құжаттарды, кітаптарды, мерзімді басылымдарды, фотосуреттерді, карталарды және ауызша тарих материалдарын салыстырады. Оқиғалардың уақыты, орны, себептері мен маңызы түсіндіріліп, авторлық қорытынды жасалады. Зерттеу нәтижесі цифрлық карта, интерактивті хронологиялық желі немесе виртуалды экскурсия түрінде міндетті түрде ұсынылады; оны қысқаметражды бейнеролик немесе инфографика толықтыра алады.

2) «Бір жәдігер – бір тарих» (жеке немесе командалық жоба)

Номинацияға белгілі бір жәдігердің немесе тарихи-мәдени нысанның шығу тарихын, ерекшелігін және құндылығын ашатын жұмыстар ұсынылады. Зерттеу нысаны ретінде тұрмыстық бұйым, еңбек құралы, қолөнер туындысы, құжат, хат, фотосурет, кітап, марапат, тарихи ғимарат, ескерткіш, жер-су атауы, отбасылық мұра, шежіре, әдет-ғұрып, дәстүр немесе тарихи-мәдени маңызы бар табиғи орын таңдалуы мүмкін. Қатысушы нысанның тарихын әртүрлі дереккөздер арқылы тексеріп, оның маңызын түсіндіреді және сақтау немесе таныту жөнінде нақты ұсыныс береді. Цифрлық материал ұсыну міндетті емес.

3) «Тұлға және дәуір: цифрлық тарихи портрет» (жеке жоба)

Номинацияға туған өлкенің қоғамдық, ғылыми, білім беру, мәдени, әдеби, спорттық немесе әлеуметтік дамуына үлес қосқан тұлға туралы зерттеу жұмыстары ұсынылады. Қатысушы тұлғаның өмір жолын қайталап баяндаумен шектелмей, оның қызметін дәуірдің тарихи және қоғамдық жағдайымен байланыстырады, өңірге ықпалын нақты деректермен дәлелдейді және мұрасына авторлық баға береді. Зерттеу нәтижесі цифрлық тарихи портрет,

интерактивті таныстырылым, хронологиялық желі немесе қысқаметражды бейнеролик түрінде міндетті түрде ұсынылады.

4) **«Ақылды өлке: болашаққа арналған шешім»** (жеке немесе командалық жоба)

Номинацияға туған өлкенің тарихи-мәдени мұрасын, жергілікті бірегейлігін, қоғамдық жадын немесе тарихи нысандарға қолжетімділікті сақтауға қатысты нақты мәселені зерттеп, оны шешуге арналған жоба әзірлеген жұмыстар ұсынылады. Қатысушы мәселені және мақсатты топты анықтайды, бақылау, сауалнама, сұхбат, өлшеу, салыстыру немесе ашық деректерді талдау арқылы дәлел жинайды, іске асырылатын шешім ұсынады, қажетті ресурстарды, тәуекелдер мен күтілетін нәтижелерді көрсетеді. Макет, прототип, цифрлық модель немесе бейнеролик ұсынуға болады, бірақ ол міндетті емес.

28. Жұмыстың тақырыбы, мазмұны және нәтижесі таңдалған номинацияға және сынып деңгейіне сәйкес болуға тиіс. Сәйкес келмейтін жұмыс басқа номинацияға автоматты түрде ауыстырылмайды.

7. Конкурстық жұмысқа және стендке қойылатын талаптар

29. Конкурстық жұмыстың негізгі таныстырылым форматы – зерттеу немесе жобалық стенд және қатысушының ауызша қорғауы. Номинация талаптарында көзделген цифрлық материал стендтің мазмұнын толықтырады, бірақ оны алмастырмайды.

30. Стенд материалдары осы Қағидалардың 7-қосымшасында берілген толтыру сызбасына сәйкес орналастырылады:

1) сол жақ панельде: тақырыптың өзектілігі, зерттеудің мақсаты, міндеттері мен әдістері;

2) орталық панельде: жұмыс тақырыбы, зерттеу мәселесі немесе сұрағы, фактілер мен деректерді, авторлық талдауды және зерттеу нәтижелерін қамтитын негізгі нәтиже. Жұмыс тақырыбының сол жағында ұйымдастырушы толтыратын тіркеу код (шифр) толтыруға арналған ені 14 см, биіктігі 7 см бос орын қалдырылады;

3) оң жақ панельде: қорытындылар, жұмыстың практикалық маңызы, пайдаланылған дереккөздер және цифрлық материал болған жағдайда, оған қол жеткізуге арналған QR-код. Қажет болған жағдайда практикалық маңызы бөлімінде ұсынымдар беріледі.

31. Стенд үстел үстіне қойылатын, жиналмалы, орнықты, қауіпсіз және тасымалдауға қолайлы үш бөлікті панель түрінде дайындалады. Стендтің өлшемдеріне, салмағына, құрылымына, материалдарына, мазмұнын орналастыруға және қауіпсіз пайдалануға қойылатын талаптар осы Ережелердің 7-қосымшасында белгіленеді.

32. Стенд мәтіні қысқа, құрылымды және алыстан оқуға қолайлы болуға тиіс. Басқа дереккөздерден алынған фотосуреттердің, карталардың, кестелердің, диаграммалардың, дәйексөздердің және өзге де материалдардың атауы мен дереккөзі көрсетіледі.

33. Цифрлық картада зерттелген нысандардың орналасқан жері, қысқаша сипаттамасы, фотосуреті және дереккөзі көрсетіледі. Интерактивті

хронологиялық желі негізгі оқиғалардың мерзімін, ретін және өзара байланысын қамтиды. Виртуалды экскурсияда маршрут, аялдамалар және оларды түсіндіретін мәтіндік, дыбыстық немесе бейнематериал беріледі.

34. Қосымша бейнероликтің немесе аудиожазбаның ұзақтығы бір минуттан аспайды. Цифрлық материалды көрсету уақыты қорғаудың жалпы уақытына кіреді. Материал QR-код арқылы ұсынылған жағдайда қатысушы оның интернет желісінсіз ашылатын резервтік көшірмесін дайындайды. Ұсынылатын файл форматтары: PPTX, PDF, MP4, MP3, JPG және PNG. Файлдардың қауіпсіз әрі дұрыс ашылуына қатысушы жауап береді.

35. Ақылы бағдарламаларды, күрделі жабдықты, жасанды интеллект құралдарын немесе қымбат безендіру материалдарын пайдалану өз алдына бағалауда артықшылық бермейді. Цифрлық материал ұсыну міндетті емес номинациялар бойынша оның болмауы қатысушының бағасын төмендетуге негіз болмайды.

36. Далалық зерттеу, сұхбат жүргізу, фотоға немесе бейнеге түсіру кәметке толған жауапты тұлғаның бақылауымен және тиісті тұлғалардың келісімімен жүзеге асырылады. Қатысушыға жабық немесе қауіпті аумақтарға рұқсатсыз кіруге, жеке меншік аумақта келісімсіз зерттеу жүргізуге, тарихи-мәдени нысандарды зақымдауға, жәдігерлерді рұқсатсыз алуға немесе орнын өзгертуге, сондай-ақ қазба жұмыстарын өз бетінше жүргізуге жол берілмейді.

8. Дереккөздер, авторлық құқық, дербес деректер және академиялық адалдық

37. Жұмыста кемінде үш сенімді дереккөз пайдаланылады. Дәйексөздерге, суреттерге, карталарға, архивтік құжаттарға және өзге алынған материалдарға авторы немесе құқық иесі және алынған жері көрсетілген сілтеме беріледі. Дұрыс рәсімделген дәйексөз бен дереккөзге сілтеме плагиат болып есептелмейді.

38. Конкурстық жұмыстың авторлық құқығы қатысушыда сақталады. Жұмысты толық немесе ішінара жариялау, көбейту, тарату, интернет-ресурстарда орналастыру, көпшілікке көрсету, аудару, өңдеу немесе өзге тәсілмен пайдалану қатысушының және оның заңды өкілінің жеке жазбаша келісімі негізінде жүзеге асырылады. Келісімде жұмысты пайдалану тәсілдері, мерзімі мен аумағы, жұмысты өзгерту мүмкіндігі және берілетін құқықтың айрықша емес сипаты көрсетіледі. Қатысушы ұсынған материалдар үшінші тұлғалардың авторлық және өзге де құқықтарын бұзбауға тиіс.

39. Қатысушының дербес деректерін жинау және өңдеу заңды өкілдің жеке жазбаша келісімі негізінде жүзеге асырылады. Келісімде жиналатын деректердің тізбесі, оларды өңдеу мақсаты мен тәсілдері, сақтау мерзімі, алушылар санаты, жарияланатын мәліметтер және келісімді кері қайтарып алу тәртібі көрсетіледі. Қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді стендке немесе ашық цифрлық ресурстарға орналастыруға жол берілмейді.

40. Сұхбат, сауалнама, фото, аудио немесе бейнежазба ерікті келісім негізінде жүргізіледі. Кәметке толмаған тұлғаға қатысты келісімді оның заңды өкілі береді. Зерттеу нәтижесінде респонденттің жеке басын ашу талап

етілмесе, мәліметтер иесіздендіріледі. Қатысушы медициналық диагноз қоймайды, емдеу тәсілдерін сынамайды және респондентке психологиялық немесе өзге қысым жасамайды.

41. Жасанды интеллект құралдарын ақпаратты іздеу мен жүйелеу, мәтінді редакциялау немесе аудару, деректерді талдау және көрнекі материал әзірлеу үшін қолдануға болады. ЖИ қолдану міндетті емес және оны қолданбау балды төмендетуге негіз болмайды.

42. Жасанды интеллект құралдары қолданылған жағдайда қатысушы осы Ережелердің 2-қосымшасына сәйкес ЖИ пайдалану туралы декларацияны толтырып, қолданылған әрбір құралды және оны қолданудың әрбір жағдайын жеке көрсетеді. ЖИ көмегімен алынған тарихи мәліметтер сенімді дереккөздер бойынша тексерілуге тиіс. ЖИ жауабын бастапқы немесе ғылыми дереккөз ретінде пайдалануға жол берілмейді.

43. Плагиатқа, өзгенің жұмысын иемденуге, бастапқы деректерді бұрмалауға, жалған дәйексөздер мен дереккөздер жасауға, жасырын орындаушыны тартуға, сондай-ақ жұмысты қатысушының орнына басқа тұлғаның немесе ЖИ құралының орындауына жол берілмейді.

44. Академиялық адалдықтың ықтимал бұзылуы анықталған жағдайда ұйымдастырушылар қатысушыдан жазбаша немесе ауызша түсініктеме, зерттеу күнделігін, бастапқы деректерді, сұрау үлгілерін және өзге растайтын материалдарды сұратады.

45. Академиялық адалдық талаптарының бұзылғаны дәлелденген жағдайда ұйымдастырушы жұмыстың нәтижесін жарамсыз деп таниды және қатысушыны Конкурстан шеттетеді. Шешім жазбаша актімен рәсімделіп, оның негіздері қатысушыға және жіберуші тарапқа хабарланады.

9. Конкурсты өткізу және бағалау тәртібі

46. Конкурстың әр кезеңі екі турдан тұрады:

I тур – тестілеу: 30 сұрақ, әр дұрыс жауапқа 1 балл, ең жоғары нәтиже – 30 балл, орындау уақыты – 45 минут;

II тур – номинация бойынша стендтік жұмысты қорғау, ең жоғары нәтиже – 70 балл.

47. Тестілеуге қатысушының жеке басы тіркеу деректері арқылы сәйкестендірілгеннен кейін жіберіледі. Әр қатысушыға бір әрекет беріледі. Тестілеу кезінде басқа адамның көмегін, оқу материалдарын, байланыс құралдарын немесе ЖИ құралдарын пайдалануға жол берілмейді, ерекше білім беру қажеттілігіне байланысты алдын ала келісілген ассистивтік технологиялар бұған жатпайды.

48. Қатысушыға байланысты емес техникалық ақау туындаған жағдайда жауапты тұлға осы Ережелердің 6-қосымшасына сәйкес акт жасайды. Қайта тестілеуге жіберу туралы шешімді ұйымдастырушы жүйенің техникалық деректері мен акт негізінде қабылдайды. Тест тапсырмаларының мазмұнын көшіруге, сақтауға немесе таратуға жол берілмейді.

49. Қорғауға 10 минут беріледі: 7 минут – стенд бойынша баяндама және цифрлық материалды көрсету, 3 минут – қазылар алқасының сұрақтарына

жауап беру. Қатысушы жұмысты өзі қорғайды. Жұмыс жетекшісі мен команда жетекшісі қорғауға қатыспайды және қатысушының орнына жауап бермейді.

50. Қорғау кезектілігі ұйымдастырушы бекіткен кестемен анықталады. Дәлелді себепсіз кешіккен немесе келмеген қатысушының жұмысы қорғалмаған болып есептеледі. Қатысушы цифрлық материалдың резервтік көшірмесін өзімен бірге алып келеді. Ұйымдастырушы қорғауға қажетті үстелді, электр қуатына қолжетімділікті және алдын ала көрсетілген негізгі техникалық жабдықты қамтамасыз етеді.

51. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар қатысушыларға алдын ала берілген өтінім негізінде қолжетімді файл форматы, ымдау тіліне аудару, ассистивтік технологиялар, үлкейтілген мәтін, кедергісіз орта немесе регламент шегіндегі қосымша уақыт қамтамасыз етіледі.

52. Қазылар алқасының құрамы тиісті кезең ұйымдастырушысының бұйрығымен тақ саннан, кемінде үш мүшеден құралып бекітіледі. Оның құрамына тарихшылар, жоғары оқу орындарының оқытушылары, әдіскерлер, тәжірибелі педагогтер, өлкетану және цифрлық жобалар саласындағы мамандар енгізілуі мүмкін. Қазылар алқасының отырысы құрамының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда өкілетті болып есептеледі.

53. Қазылар алқасының мүшесі қатысушының жақын туысы, ғылыми немесе жұмыс жетекшісі, онымен бір білім беру ұйымында тікелей жұмыс істейтін педагог болса немесе бағаланатын жұмысты дайындауға қатысса, бұйрық бекітілгенге дейін ұйымдастырушыға хабарлайды және қазылар алқасы құрамына кірмейді.

54. Аудандық (қалалық) немесе облыстық кезеңнің қазылар алқасының құрамында болған тұлғалар республикалық кезеңнің қазылар алқасы құрамына енгізілмейді.

55. Қазылар алқасының әрбір мүшесі конкурстық жұмысты осы Ережелердің 1-қосымшасында белгіленген бағалау критерийлеріне сәйкес өз бетінше бағалайды, қойылған балдарды жеке бағалау парағына енгізеді және оған қол қояды. Қорғау үшін берілетін балл қазылар алқасы мүшелері қойған қорытынды балдардың орташа арифметикалық мәні бойынша есептеледі және жүздік үлеске дейін дөңгелектенеді.

56. Бір жұмыс бойынша қазылар алқасы мүшелерінің ең жоғары және ең төмен бағаларының айырмасы 15 балдан асқан жағдайда төраға критерийлердің біркелкі қолданылуын тексеру үшін модерация өткізеді. Модерация барысында әр мүше өз бағасын негіздейді; бағалау парағына енгізілген өзгеріс мүшенің қолымен расталып, модерация нәтижесі хаттамада көрсетіледі.

57. Қазылар алқасы авторлықты нақтылау үшін дереккөздер, зерттеу барысы және бастапқы материалдар туралы сұрақтар қоя алады. ЖИ қолданылған жағдайда қатысушы сұрау үлгілері мен бастапқы жауаптарды көрсетуге дайын болуға тиіс; оларды стендке орналастыру міндетті емес.

10. Қорытынды шығару және марапаттау

58. Қатысушының қорытынды нәтижесі тестілеу балы мен стендтік қорғау балының қосындысы ретінде есептеледі: қорытынды балл = тестілеу балы (30

балға дейін) + қорғау балы (70 балға дейін). Ең жоғары нәтиже – 100 балл. Командалық жұмыстың тестілеу балы команда мүшелерінің жеке тест нәтижелерінің арифметикалық орташа мәні ретінде есептеліп, ортақ стандартік қорғау балына қосылады.

59. Қорытынды балдар тең болған жағдайда басымдық келесі ретпен анықталады: 1) дереккөздер мен фактілердің сенімділігі; 2) зерттеу әдістері және деректерді талдау; 3) авторлық үлес пен академиялық адалдық; 4) сұрақтарға жауап беру сапасы; 5) жұмыстың тарихи-мәдени немесе практикалық маңызы.

60. Әр кезеңнің нәтижесі осы Ережелердің 5-қосымшасына сәйкес қазылар алқасының қорытынды хаттамасымен рәсімделіп, ұйымдастыру комитетінің шешімімен бекітіледі. Хаттамада тестілеу балы, қорғау балы, қорытынды балл, рейтингтегі орны, марапаты және келесі кезеңге ұсынымы көрсетіледі.

61. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер әр номинация бойынша қорытынды рейтинг негізінде анықталады. Дипломмен марапатталатын қатысушылардың саны әр номинацияға нақты қатысқан қатысушылар санының 45 пайызынан аспауы тиіс. Есептеу нәтижесінде бөлшек сан шыққан жағдайда, ол бүтін санға дейін төмен қарай дөңгелектенеді. Диплом дәрежелері бойынша орын саны бағалау басталғанға дейін ұйымдастырушының шешімімен бекітіледі және нәтижелер жарияланғаннан кейін өзгертілмейді.

62. Республикалық кезеңнің жеңімпаздары мен жүлдегерлері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің I, II және III дәрежелі дипломдарымен марапатталады. Жұлделі орын беруді көздемейтін ерекше жетістіктері үшін «Дарын» РҒПО-ның грамоталары табысталады. Республикалық кезеңнің барлық қатысушыларына қатысушы сертификаттары беріледі. Конкурс кезеңдерінде жеңімпаздарды, жүлдегерлерді және қатысушыларды марапаттау тәртібі тиісті кезең ұйымдастырушыларының актісімен айқындалады.

63. Нәтижелер ұйымдастырушының ресми интернет-ресурсында заңды өкілдің келісімінде көрсетілген деректер көлемінде жарияланады. Бағалау парақтары, хаттамалар, актілер және шағымдарды қарау материалдары ұйымдастырушының құжаттарды сақтау тәртібіне сәйкес сақталады.

11. Қаржыландыру

64. Конкурсты ұйымдастыруға және өткізуге байланысты шығыстар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және тиісті ұйымдастырушының бекітілген қаржыландыру жоспары шегінде жүзеге асырылады.

65. Қатысушылар мен команда жетекшілерінің жол жүру және жатын орны мен тамақтану шығыстары жыл сайынғы ақпараттық хатта көрсетілген шарттарға сәйкес жіберуші тараптың қаражаты немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге көздер есебінен өтеледі.

Конкурстық жұмыстарды бағалау критерийлері

Конкурстық жұмыстар барлық номинациялар бойынша бірыңғай бағалау критерийлерінің негізінде 70 балдық шкала бойынша бағаланады.

Конкурстың қорытынды нәтижесі тестілеу мен конкурстық жұмысты қорғау нәтижелерінің қосындысы бойынша анықталады:

- тестілеу – 30 балл;
- конкурстық жұмысты қорғау – 70 балл;
- жалпы қорытынды – 100 балл.

№	Бағалау критерийі	Бағалау мазмұны	Балл
1	Тақырыптың өзектілігі және номинацияға сәйкестігі	Тақырыптың туған өлке үшін маңыздылығы, зерттеу нысанының немесе мәселенің нақты анықталуы, жұмыс мазмұнының таңдалған номинация мен сынып деңгейіне сәйкестігі	10
2	Зерттеу мазмұнының толықтығы мен жүйелілігі	Зерттеу мақсаты мен міндеттерінің нақтылығы, материалдың логикалық ретпен берілуі, тарихи оқиғалардың, нысанның, тұлғаның немесе мәселенің жан-жақты ашылуы	10
3	Дереккөздердің сенімділігі	Архивтік құжаттарды, кітаптарды, карталарды, фотосуреттерді, сұхбаттарды, сауалнамаларды, ашық деректерді және басқа да дереккөздерді орынды пайдалану, салыстыру және оларға дұрыс сілтеме жасау	10
4	Зерттеу әдістері және деректерді талдау	Бақылау, салыстыру, сұхбат, сауалнама, өлшеу, картографиялау немесе басқа әдістерді дұрыс қолдану; жиналған деректерді талдау және тұжырымдарды дәлелдеу	10
5	Авторлық үлес және зерттеу нәтижесі	Қатысушының өз бетінше атқарған жұмысы, авторлық пікірі мен қорытындысы; номинация мазмұнына сәйкес тарихи маңызын, мәдени құндылығын, тұлғаның ықпалын немесе ұсынылған шешімнің практикалық тиімділігін негіздеуі	10
6	Стенд және цифрлық материалдың сапасы	Стендтің мазмұндылығы, құрылымы және көрнекілігі; цифрлық карта, интерактивті уақыт желісі, виртуалды экскурсия, тарихи портрет, инфографика, бейнеролик, макет немесе цифрлық модельдің зерттеу	10

		мазмұнын толықтыруы және техникалық тұрғыдан дұрыс жұмыс істеуі	
7	Жұмысты қорғау және сұрақтарға жауап беру	Зерттеу мазмұнын түсінікті әрі жүйелі баяндауы, белгіленген уақытты сақтауы, өз үлесін дәлелдеуі және қазылар алқасының сұрақтарына нақты, толық жауап беруі	10
	Жалпы балл		70

Әр критерий бойынша балл мынадай тәртіппен қойылады:

9–10 балл – критерий толық ашылған, нақты әрі сенімді деректермен дәлелденген;

7–8 балл – критерий жеткілікті деңгейде ашылған, елеусіз кемшіліктер бар;

4–6 балл – критерий ішінара ашылған, талдау немесе дәлелдер жеткіліксіз;

1–3 балл – критерий үстірт қарастырылған, елеулі кемшіліктер бар;

0 балл – критерий бойынша материал ұсынылмаған немесе талап орындалмаған.

Цифрлық материалдың техникалық күрделілігі және жасанды интеллект құралдарын пайдалану фактісі өз алдына артықшылық болып табылмайды. Бағалау кезінде зерттеу мазмұнына, деректердің сенімділігіне, қатысушының авторлық үлесіне және жұмыстың практикалық маңызына басымдық беріледі. Жасанды интеллектіні қолданбағаны үшін қатысушының балы төмендетілмейді.

ЖИ пайдалану туралы декларация

Нысан конкурстық жұмысты орындау кезінде жасанды интеллект құралдары қолданылған жағдайда толтырылады. Қолданылған әрбір құрал және оны қолданудың әрбір жеке жағдайы туралы мәліметтер төменде берілген нысан бойынша жеке кестеде көрсетіледі. Жауаптар қысқа әрі нақты болуға тиіс.

1. Қатысушы және жұмыс туралы мәліметтер

Қатысушының (команда мүшелерінің) тегі, аты: _____

Сыныбы: _____

Жұмыстың тақырыбы: _____

Номинациясы: _____

Білім беру ұйымы: _____

2. ЖИ пайдалану туралы мәліметтер

Конкурстық жұмысты орындау кезінде ЖИ құралдары қолданылды ма?

☐ Иә ☐ Жоқ

«Жоқ» жауабы таңдалған жағдайда кесте толтырылмайды.

№	Сұрақ	Қатысушының жауабы
1	Қолданылған ЖИ құралының атауы және нұсқасы (белгілі болса)	
2	ЖИ қолданылған күн немесе кезең	
3	ЖИ қандай мақсатта қолданылды?	☐ идея әзірлеу; ☐ жұмыс жоспарын құру; ☐ мәтінді редакциялау; ☐ аудару; ☐ ақпаратты жүйелеу; ☐ сурет немесе бейнематериал жасау; ☐ карта, кесте немесе диаграмма жасау; ☐ басқа: _____
4	ЖИ-ге берілген сұраудың қысқаша үлгісі	
5	Алынған нәтиженің қандай бөлігі жұмыста пайдаланылды?	
6	ЖИ көмегімен алынған ақпарат қандай дереккөздер бойынша тексерілді?	
7	Ақпаратты тексеру нәтижесі	☐ толық расталды; ☐ ішінара расталды; ☐ расталмады; ☐ қате анықталды; ☐ нақты деректерді тексеру қажет болмады —

		түсіндірме: _____
8	Қатысушы алынған нәтижеге қандай өзгерістер немесе толықтырулар енгізді?	
9	ЖИ көмегімен алынған нәтиже жұмыстың қай бөлімінде пайдаланылды?	

3. Қатысушының растауы

Осы декларацияда көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын және ЖИ көмегімен алынған әрі жұмыста пайдаланылған нақты ақпараттың сенімді дереккөздер бойынша тексерілгенін растаймын. Конкурстық жұмыстың мазмұны мен қорытындылары үшін жауапкершілікті өз мойныма аламын.

Командалық жұмыс болған жағдайда декларацияға команданың әрбір мүшесі қол қояды.

Қатысушының (команда мүшелерінің) қолы: _____

Жұмыс жетекшісінің қолы: _____

Толтырылған күні: 20__ жылғы «__» _____



Дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім

Мен, _____,

_____ атты кәмелетке толмаған қатысушының заңды өкілі ретінде, Конкурсты ұйымдастыру, өткізу, қатысушыны сәйкестендіру, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, нәтижелерін рәсімдеу және марапаттау мақсатында оның мынадай дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісім беремін: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, сыныбы, білім беру ұйымы, елді мекені, ауданы, өңірі, номинациясы, жұмыс тақырыбы, нәтижесі және ерекше жағдайлар жасауға қажетті мәліметтер.

Рұқсат етілетін әрекеттер: деректерді жинау, тіркеу, жүйелеу, сақтау, нақтылау, Конкурсты өткізуге қатысатын ұйымдарға беру және заңнама талаптарына сәйкес жою. Келісім Конкурс қорытындысы бекітілген күннен бастап үш жыл бойы немесе заңнамада не құжаттарды сақтау тәртібінде көзделген неғұрлым ұзақ мерзім ішінде қолданылады.

Ресми нәтижелерде жариялауға келісемін: ☐ қатысушының аты-жөні; ☐ өңірі; ☐ білім беру ұйымы; ☐ номинациясы; ☐ нәтижесі. Байланыс деректері мен ерекше қажеттілік туралы мәліметтер жарияланбайды.

Фото, аудио және бейнематериалды Конкурс туралы ақпараттық материалдарда жариялауға: ☐ келісемін ☐ келіспеймін. Бұл таңдау қатысушының Конкурсқа жіберілуіне және бағалануына әсер етпейді.

Келісімді ұйымдастырушыға жазбаша өтініш беру арқылы кері қайтарып алуға болады, бұған заңнамада міндетті түрде сақталуға тиіс деректер жатпайды. Кері қайтарып алу оған дейін заңды түрде жүзеге асырылған өңдеуді жарамсыз етпейді.

Заңды өкілдің аты-жөні _____

_____ Қолы, байланыс телефоны және күні

_____ Қатысушының қолы _____

Конкурстық жұмысты пайдалануға жазбаша келісім

Бұл келісім жұмысты Конкурстан тыс жариялау немесе ақпараттық және коммерциялық емес білім беру мақсатында пайдалану жоспарланған жағдайда толтырылады. Оған қол қоймау Конкурсқа қатысуға және жұмысты бағалауға кедергі келтірмейді.

Автордың аты-жөні: _____

Жұмыстың атауы: _____

Номинациясы: _____

Мен автор және оның заңды өкілі ретінде ұйымдастырушыға автордың аты-жөнін міндетті түрде көрсете отырып, мына тәсілдермен пайдалануға айрықша емес, өтеусіз рұқсат беремін:

– ☐ Конкурс қорытындысы туралы материалда жұмыстың қысқаша үзіндісін және суреттерін жариялау;

– ☐ ұйымдастырушының ресми интернет-ресурсында немесе ресми әлеуметтік желідегі парақшасында орналастыру;

– ☐ көрме, конференция немесе коммерциялық емес білім беру таныстырылымында көпшілікке көрсету;

– ☐ оқу-әдістемелік материалда көбейту және тарату.

Рұқсат мерзімі: Конкурс қорытындысы бекітілген күннен бастап үш жыл. Қолданылатын аумақ: Қазақстан Республикасы және Интернет желісі арқылы қолжетімді аумақ. Ұйымдастырушы мазмұнды бұрмаламайтын техникалық редакциялау, көлемін өзгерту және форматқа бейімдеу жұмыстарын ғана жүргізе алады. Мазмұндық өзгеріс, аударма немесе туындыны өзге мақсатта пайдалану үшін жеке жазбаша келісім талап етіледі.

Берілетін құқық айрықша емес: автор жұмысты өзі пайдалануға және басқа тұлғаларға рұқсат беруге құқылы. Авторлық құқық пен автордың жеке мүліктік емес құқықтары авторда сақталады.

Автордың қолы және күні

Заңды өкілдің аты-жөні, қолы және күні

Қазылар алқасының қорытынды хаттамасы

Кезеңі: _____

Өткізілген күні мен орны: _____

Номинация: _____

№	Қатысушы	Өңір/ұйым	Тест б/ша ұпай саны	Қорғау б/ша ұпай саны	Жалп ы ұпай саны	Орын / марап ат	Келес і кезең
1							
2							
3							
4							
5							
6							
7							
8							
9							
10							

Қазылар алқасының төрағасы

Қазылар алқасының мүшелері

Күні _____



Тестілеу кезіндегі техникалық ақау туралы акт

Кезеңі және өткізілген орны: _____

Акт жасалған күні мен уақыты: _____

Қатысушының аты-жөні: _____

Сыныбы _____

Өңірі және номинациясы: _____

Тестілеудің басталу уақыты: _____

Ақау туындаған уақыт: _____

Ақаудың сипаттамасы: _____

Жүйеде тіркелген әрекеттер: _____

Қолданылған жедел шаралар: _____

Ұсынылатын шешім: _____

Жауапты тұлғаның аты-жөні және қолы _____

Техникалық маманның аты-жөні және қолы _____


Қатысушының қолы _____

Көрме стендіне қойылатын талаптар

1. Стенд үстел үстіне қойылатын, жиналмалы, орнықты және тасымалдауға қолайлы үш бөлікті панель түрінде дайындалады.

Стенд бөлігі	Өлшемі	Ұсынылатын мазмұны
Сол жақ панель	30 × 100 см	Зерттеудің өзектілігі, мақсаты, міндеттері, әдістері мен дереккөздері
Орталық панель	60 × 100 см	Жұмыстың тақырыбы, негізгі мазмұны, авторлық талдау, нәтижелері мен қорытындысы
Оң жақ панель	30 × 100 см	Көрнекі материалдар, ұсыныстар және цифрлық материалға арналған QR-код
Жалпы өлшемі	120 × 100 см	Көрсетілген өлшемнен аспайды
Жалпы салмағы	3-5 кг-нан аспайды	Қауіпсіз тасымалдауға қолайлы болуы тиіс

ЖИНАЛМАЛЫ КӨРМЕ СТЕНДІНЕ ҚАЖЕТТІ МАТЕРИАЛДАР



2. Стенд ПВХ, пенокартон немесе сипаттамалары ұқсас жеңіл әрі берік материалдан жасалады. Панельдер мен тіректер қауіпсіз бекітіліп, стенд өздігінен тік тұруға тиіс.

3. Стенд мәтіні қысқа, құрылымды және алыстан оқуға қолайлы болуы қажет. Тақырыпқа кемінде 28 кегль, бөлім атауларына кемінде 20 кегль, негізгі мәтінге кемінде 14 кегль қаріп қолдану ұсынылады. Басқа дереккөздерден алынған материалдардың атауы мен дереккөзі көрсетіледі.

4. Цифрлық материалға арналған QR-код көрінетін және сканерлеуге қолайлы жерде орналастырылады. Қатысушы материалдың интернет желісінсіз ашылатын резервтік көшірмесін дайындайды.

5. Өткір қырларды, ашық болттарды, шығыңқы шегелерді, ауыр әйнекті, сынғыш, жанғыш, улы, жарылғыш, биологиялық қауіпті заттарды және адам денсаулығына қауіп төндіретін материалдарды қолдануға жол берілмейді.

Стенд материалын рәсімдеуге ұсынылатын үлгі (толтыру сызбасы)

120 см		
30 см	60 см	30 см
Сол жақ панель	Орталық панель	Оң жақ панель
Өзектілігі Тақырыптың туған өлке тарихы үшін маңызы қандай? Мақсаты Нені анықтау немесе шешу қажет? Міндеттері Зерттеу мақсатына жету қадамдары Әдістері Тақырыпты зерттеу: құжаттарды талдау, салыстыру, сұхбат алу және басқа әдістер	Шифрға арналған орын 14 x 7 см Жұмыс тақырыбы Зерттеудің қысқаша атауы Зерттеу мәселесі немесе сұрағы Жұмыс қандай сұраққа жауап береді немесе қандай мәселені шешеді? НЕГІЗГІ НӘТИЖЕ Фактілер мен деректер Туған өлкенің нысаны, оқиғасы, тұлғасы немесе мәселесі туралы негізгі мәліметтер Фотосуреттер, карталар, құжаттар, кестелер Авторлық талдау Дереккөздер мен мәліметтерді салыстыру, себептер мен байланыстарды түсіндіру, қатысушының өзіндік бағасы Зерттеу нәтижелері Не анықталды, негізделді немесе ұсынылды? Автордың жеке үлесі Жұмыс тақырыбына сай көрнекі материалдар Өзге дереккөзден алынған материал астында: атауы мен дереккөзі	Қорытындылар Зерттеу барысында не анықталды? Практикалық маңызы Нәтижелерді қолдану; мұраны сақтау немесе насихаттау жөніндегі ұсынымдар Дереккөздер Архивтер, кітаптар, карталар, фотосуреттер, сұхбаттар және т.б. QR-код Цифрлық материал* Сканерлеуге арналған орын

Жайылған күйдегі көрініс. Панельдер арасындағы үзік сызықтар бүктеу орындарын көрсетеді.

* «Менің өлкемнің цифрлық шежіресі» және «Тұлға және дәуір: цифрлық тарихи портрет» номинацияларында цифрлық материал міндетті; қалған екі номинацияда міндетті емес.
QR-код арқылы ашылатын материалдың интернетсіз қолжетімді сақтық көшірмесін дайындаңыз.

Ұсынылатын қаріп өлшемі: тақырып ≥ 44 пт; бөлім атаулары 26 пт; негізгі мәтін 18 пт.
Мәтін 1 метр қашықтықтан анық оқылуы тиіс. Тіркеу шифрына арналған орынды бос қалдырыңыз.

Құрылымы: үстелге қойылатын, жиналмалы, орнықты; ПВХ, пенокартон немесе ұқсас жеңіл материал.